

5 дәріс тақырыбы: Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде.

1 Педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуы

2 Педагогика пәні, оның негізгі категориялары және олардың өзара байланысы.

3 Педагогика ғылымының функциялары мен міндеттері.

4 Педагогикалық зерттеудің мәні мен құрылымы

Педагогика бұл – адамзат ғылымының ең ежелгі және қоғам дамуының ажырамас саласы болып табылады.

Педагогика барлық ғылымдар сияқты философия ғылымы аясында қарастырылды. Ежелгі грек философтарды Гераклит, Демокрит, Фальс, Сократ, Аристотель, Платон, т.б. ғалымдарының педагогикаға қосқан үлесі зор.

«*Педагогика*» деген ұғым көне грек елдерінде б.э.б. 2,5 жылда пайда болған. яғни термин, көне грек тілінен шыққан, ол балаларды ертіп жүру, баланы жетектеп мектепке апару

«*Педагогика*» термині гректің екі сөзінен: «*paída*» – балалар және «*logos*» - баланы басқару, тәрбиелеу, жетектеу, бағу ұғымдарынан шыққан.

Әрбір ғылымның өзіне тән зерттейтін саласы және ғылыми ұғымдары бар. Мысалы, философиядағы ұғымдарға «болмыс», «материя», «қозғалыс»; саяси экономикада- «қоғамның өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастары», ал *педагогикада* – «*тәрбие*», «*білім беру*», «*оқыту*»

Педагогиканың пайда болуы қоғамның жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолын табу мақсатынан және де өндірісті дамыту талабынан туған.

Тәрбие ұрпақ пен ұрпақты байланыстыратын дәнекер болып саналады.

Педагогика ғылымы ұзақ тарихи даму жолынан өтті. Алғашқы педагогикалық ой-пікірлер ертедегі шығыс елдерінің (Мысыр, Вавилония, Унді, Қытай) философиялық жүйесінде дамып, кейін біртіндеп өз алдына жеке ғылым болып дами бастады. Ежелгі дүние философиясы ертедегі шығыс елдерінің қорытып жиыстырған білім мұрасын дамытқан еді.

Сократ, Платон, Аристотель, Демокрит саясат, тәрбие, мемлекет, жеке адам тәрбиесінің мақсаттары мен мазмұны және ерекшелігі сияқты педагогикалық мәселелерді қарастырады.

Педагогиканың ғылым ретінде дамуына әсер ететін факторлар мен даму ерекшеліктері «...ізденістің ең қызықтысы ұлы адамдардың ойына ілесу» А.С.Пушкин

Грецияда педагогикалық ойлардың пайда болуы. **Демокрит** (б.э.д ж.) - философ-материалист, атомистік теорияның негізін салушы: ***Жеке тұлға дамуының материалистік тұжырымдамасын ұсынды.***


Ол дүние материалдық, бір-бірінен түрі және жағдайы жағынан ерекшеленетін атомдардан тұрады. Организмнің өмірі мен өлімі атомдардың бірігуіне және ыдырауына әкеледі;

Жанның өлмейтінін жоққа шығарды. Ол адамның қалыптасуы оның табиғатына және тәрбиесіне байланысты деп түсіндірді;

Ортаға, үлкендердің үлгі-өнегесіне мән берді,

Материалистік таным теориясы бойынша білімнің басы түйсіктер екендігін, ал шындық ақыл арқылы іске асатындығын (теориялық ойлау), дәлелдеу, ақыл-ой тәрбиесінің мәселесін шешуде ерекше орында. **Сократ** (б.з.д ж.) – философ-идеалист:

Тәрбиенің мақсаты – заттардың табиғатын зерттеу емес, ол өзін-өзі танып білуі, адамгершілікті жетілдіруі болу керек. Демокрит (б.э.д ж.) Сократ (б.з.д ж.)



Платон (б.э.д. 427-347ж.)

Платон (б.э.д. 427-347ж.) – философ-идеалист, Сократтың оқушысы, Аристотельдің ұстазы. Сабақты Афинаға жақын, өзінің Академа деген меншік жерінде (имение) өткізеді, міне осыдан *академия* деп аталатын жоғары оқу орнының аталуы шыққан.

Педагогикалық көзқарастарын білдірген еңбектері: «Мемлекет», «Заңдар»

Негізгі қағидалары:

«Мемлекет» атты еңбегінде «Математикаға тәрбиеленген, оған жаттыққан балалардың өзі, тіпті олар бұдан ешбір пайда алмаса да, бұрынғыға қарағанда қабылдаушылық қасиеті арта түседі» деп тәрбиешінің түсіндіретін ұғымдарын берік ететін жаттығуға ерекше мән берген;

Шәкірт білімді, икемділікті игеруде, оқу дағдыларын дамытуда зор ұқыптылыққа ие болуы қажет. Ол оқуда табысқа табандылық танытуы, үнемі жаттығуы және шыңдала түсуі керек.

Қабылдаушылық қана емес, сондай-ақ оқу қызметі дағдыларын да жаттықтыра түсуі қажет. Бала өз ақыл-ойын үнемі жетілдіріп отыруға міндетті;

Тәрбиені мемлекет ұйымдастыруы қажет, өзінің мақсаты, мазмұны, әдістемесі бойынша үстем таптың мүддесіне толықтай сәйкес болуы қажет.

Аристотель (б.з.д ж.) – гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарының негізін салушы белгілі философ, ғалым.

Лицейдегі (білім беру мекемесі – лицей осыдан пайда болған) мектептің негізін қалаушы.

А.Македонскийдің тәрбиешісі, Платонның шәкірті. Аристотель еңбектері **4 топқа** бөлінеді: *Логика, Метафизика және жаратылыстану, Этика және саясат, Поэтика және риторика.*

Тәрбиенің мақсаты – табиғатпен тығыз байланысты жанның барлық жақтарын үйлесімді дамыту;

Оқуды «өзіне емес, отанға тиісті», қоғам үшін пайдалы адам дайындаумен байланысты қоғамның өмір сүру формасы ретінде қарастырған;

Әрбір тәрбиеші өз қызметін әлеуметтендіруге, яғни қоғамға пайдалы адам тәрбиелеуге бағыттайды деген идеяны ұстанған;

Баланың табиғатына сәйкес адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесін ұйымдастыру және балалардың жас ерекшеліктерін ескеру; Шығармашылықтың бастапқы нүктесі ретінде адамның белсенділігін, өз бетінше әрекеті мен икемділігін атап өткен;

Балаларды дамуына қарай жас кезеңдеріне бөлуді алғаш ұсынған: туғаннан 7 жасқа дейінгі кезең; 7 жастан 14 жасқа дейін; 14 жастан 21 жасқа дейін.

Отбасы тәрбиесіне, дене тәрбиесіне ерекше мән берген; Саз өнерін адамгершілік және эстетикалық тәрбиенің құралы ретінде бағалаған. Аристотель (б.з.д ж.)



**Ян Амос Коменский
(1592-1670)**


Чехтың ұлы ағартушысы, сыныптық-сабақтық жүйенің, дидактикалық принциптердің, пансофияның (табиғат пен қоғам туралы энциклопедия), «дидактиканың алтын ережелерінің» авторы Ян Амос Коменский (1592-1670).

Ян Амос Коменскийдің «Ұлы дидактика» (1657ж.) – әлемдік педагогикалық еңбектердің ішіндегі тұңғыш ғылыми-педагогикалық еңбек.

- Педагогиканы философиядан алып, оның ғылым ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосқан.
- Оқытудың ең негізгі және ұтымды түрі *сыныптық-сабақтық жүйе* деп белгілеген.
- оқыту теориясын ғана емес, тәрбие теориясын да қамтыған «Ұлы дидактика» еңбегінің авторы;
- Оқу материалын оқушыларға түсінікті етіп баяндау үшін өте қажетті дидактикалық принциптерді (*көрнекілік, жүйелілік, бірізділік*) ұсынды;
- Оқытудың төмендегідей кезеңдерін береді: *автопсия* (өзбетті бақылау); *автопрактика* (практикалық әрекет); *автохрессия* (менгерілген білім мен іскерлікті қолдану); *автолексия* (өз еңбегінің нәтижесін әңгімелеу іскерлігі); сондай-ақ, білім беру кезеңінің адамның жасына сәйкестігі.

Педагогика категориялары

Арнайы ұйымдасқан, мақсатты және басқарылатын мұғалімдер мен оқушылардың өзара әсерлесу үрдісі.



Оқыту үрдісінде адамзаттың жинақталған білім, білік, дағдыларын меңгерту, ойлау тәсілдерін дамыту жүйесі.

Тұлғаны мақсатты және ұйымдасқан түрде қалыптастыру үрдісі.

Тәрбие - тарихи ұғым. Ол адамзат қоғамымен бірге пайда болып, оның өмір сүруі мен дамуының ажырамас бөлігіне айналды және қоғам өмір сүріп тұрғанда ол да өмір сүретін болады.

Сондықтан да тәрбие - жалпыға ортақ және мәңгілік категория.

Көптеген философтар қоғам өмірін басқарып, реттеп отыратын заңдарға талдау жасай отырып, тәрбие мен қоғамның өндірістік күштерінің даму деңгейі арасында объективтік байланыс бар екенін дәлелдеді.

Тәрбие – педагогикалық процесс жағдайында жеке адамның қоғамдық тәжірибені игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдау және ұйымдастыру.

Педагогиканың келесі негізгі категориясы - **оқыту**. Бұл оқытушылар мен оқушылардың білімді, қабілетті, дағдыларды бойға сіңіріп, игеруге, оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптасыруға, ақыл-ой күштері мен әлуетті мүмкіндіктерін жетілдіруге, алға қойған мақсаттарға сай өзін-өзі білімдендіру дағдыларын орнықтыруға бағытталған ұйымдасқан, мақсатты және басқару арқылы жүзеге асырылатын өзара іс-қимыл жасау процесі. Оқытып-үйретудің негізін білім, қабілет және дағды құрайды.

Білім беру – тәрбиенің және оқытып-үйретудің нәтижесі. Тура мағынасында білім беру оқып үйренген пәндер туралы нақты, түпкілікті түсініктерді, бейнелерді қалыптастыру және олар арқылы тәрбиелеу болып табылады.

Білім беру - бұл оқушылар алып, меңгеретін білімдердің, қабілеттердің және дағдылардың жүйеге келтірілген жиынтығы. XIX ғасырда білім алу адамның қалыптасуы ретінде түсінілді. Қазіргі кезде адамзат баласы жинақтап, зерделеген білім негіздері ұшан-теңіз, адам қаншама ұзақ уақыт оқып-үйренсе де, осыншалық білімнің бәрін бірдей игере алмас еді.

Қоғамдық даму, педагогика ғылымы мен практиканың арасындағы байланыс

- I- дәуір Алғашқы қауымды қоғам. Құлдық қоғам
 - II- дәуір Феодалдық қоғам. Капиталистік қоғам
 - III-дәуір Капиталистік қоғам. Коммунистік (кеңестік)
 - IV – дәуір Қазіргі дәуір
- Алғашқы еңбек құралдары мен өндіріс орындарының пайда болуы
 - Біріккен іс-әрекет барысында білім беру
 - Белгілі бір практикалық іс-әрекеттерді көрсету.
 - Білімдер жиынтығын беру іс-әрекеті
 - Білімдерді өз бетімен меңгеру жолдарын үйрету

Кеңестік дәуіріндегі педагогиканың даму жағдайлары мен ерекшеліктері

- ✓ Оқу пәндері құрамы әртүрлі, яғни гуманитарлық, физика-математикалық табиғи ғылымдарды қамтыды;
- ✓ Тіл мен әдебиетке, математика және жаратылыстану ғылымдарына көп оқу сағатын бөлді;
- ✓ Дене тәрбиесіне де көп сағат бөлінді.

Батыс әлеміндегі педагогикалық ойлар дамуы

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында педагогикалық ойлар дамуы орталығы АҚШ-қа қарай ауысты. Қазіргі қоғам ерекшеліктеріне сәйкес адамды тәрбиелеудің жалпы принциптері тұжырымдалды, заңдылықтары анықталды, әрбір адамға тес және жеңіл түрде жобаланған мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігін беретін білім берудің тиімді технологиялары жасалып, енгізілді.

Американдық педагогика өкілдері **Д.Дьюи (1859-1952)**, прагматикалық оқытуды зерттеген **Э.Торндайк (1874-1949)** қазіргі кездегі белгілі педагог **Б.Спок** еңбектері де педагогика ғылымы дамуына маңызды үлес қосты.

ХХ ғасырдың басында әлемдік педагогикада еркін тәрбиелеу мен бала тұлғасын дамыту идеялары тарай бастады. Бұл бағытта итальян мұғалім **М.Монтессори (1870-1952)** үлкен еңбек сіңірді.

Педагогика басқа да ғылымдар сияқты *сипаттау, суреттеу, түсіндіру және болжау* функцияларын атқарады.

Бұл функциялар бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ педагогика ғылымының объектісі әлеуметтік-гуманитарлық сфераға жатқандықтан оның өзінің ерекшеліктері бар.

Педагогика - педагогикалық шындықты объективті көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар оны өзгертуі, жетілдіруі қажет.

Педагогиканың теориялық функциясы үш деңгейде іске асырылады:

- 1) сипаттау немесе түсіндіру* – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу;
- 2) диагностикалық* – педагогикалық құбылыстардың, оқушы мен мұғалім ісәрекетінің тиімділігін анықтау, оларды қамтамасыз ететін себептерді, шарттарды анықтау;
- 3) болжамдық* – педагогикалық шындықты экспериментальды зерттеу, солардың негізінде сол шындықты түрлендіру моделін жасау.

Технологиялық функция да үш деңгейде іске асырылады:

- 1) проективтік*, әдістемелік материалдарды дайындаумен байланысты (оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар және т.б.);
- 2) түрлендіруші* – педагогикалық ғылым жетістіктерін білім беру практикасына енгізу;
- 3) рефлексивтік және түзетушілік* – ғылыми зерттеу нәтижелерінің оқыту мен тәрбие практикасына ықпалын бағалау және ғылыми теория мен практикалық іс-әрекеттің өзара әрекеттеріне түзетулер енгізу.

Педагогиканың міндеттері:

- тәрбиедегі, оқытудағы, тәрбие және білім беру жүйелерін басқарудағы заңдылықтарды ашу;
- педагогикалық практиканы, тәжірибені зерттеу және қорыту;
- білім берудің дамуын болжау; - зерттеу нәтижелерін педагогикалық практикаға енгізу

Педагогикалық ғылым құрылымы мен салалары:

- Жалпы педагогика*** – тәрбие мен білім берудің, оқытудың жалпы заңдылықтарын зерттейді. Ол 4 бөлімнен тұрады: *жалпы негіздері, дидактика, тәрбие теориясы және мектептану.*
- Жас ерекшелік педагогикасы*** (мектепке дейінгі, мектеп, үлкендер педагогикасы) – оқыту мен тәрбиенің жас ерекшеліктерімен байланысты аспектілерін зерттейді.
- Коррекциялық педагогика:*** сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика және логопедия.
- Педагогика тарихы*** - педагогикалық идеялар мен педагогикалық практиканың даму тарихын зерттейді.
- Салалық педагогика*** (әскери, спорт, жоғары мектеп, кәсіби педагогика).
- Этнопедагогика*** - тәрбие саласындағы халық тәжірибесін, яғни халықтық педагогиканы зерттейді.
- Салыстырмалы педагогика*** - әр елдердің білім жүйелерін салыстыра отырып зерттейтін педагогика саласы.
- Оқыту әдістемелері*** оқытудың жалпы заңдылықтарын нақты пәндерді оқытуда қолданудың ерекшеліктерін зерттейді.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы

Философия

Әлеуметтану

Психология

Кибернетика

Әдеп (этика и эстетика)

Медицина

Физиология

Экономика

Информатика


Саясаттану

Биология

Философия – бұл адамды күш иеялық
сенімге, айқын түсіне білушілікке
тәрбиелейді



Психология – адамның мінез-құлқын қалай тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін іздестіреді






Адам физиологиясы – бала организміндегі жоғары Нерв қызметі, тыныс алу, қан және жүрек тамыр жүйесін физиологиялық ерекшеліктерін қарастырады

Әлеуметтану – жас ұрпақты дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру проблемаларын зерттеу барысында педагогика ғылымы әлеуметтік ортамен тәрбие жайындағы мәліметтерді әлеуметтану ғылымы негізінен қарастырып, шешім қабылдайды.



- Мектеп гигиенасы – жас ұрпақтың денсаулығын сақтау, нығайту және дамыту жайындағы ғылым

Этнография – белгілі бір халықтың экономикасын, қоғамдық және рухани мәдениетін тұрмысының зерттейді



Археология – өткен ғасырындағы ескерткіштер арқылы халықтардың әдет-ғұрып, мәдениетін, тарихын зерттейді.

Сондай-ақ, педагогика ғылымы медицина, экология, экономика, әдебиет, тарих және т.б. ғылымдармен тығыз байланысты

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысының 4 деңгейі:

Бірінші деңгейі педагогиканың философиямен байланысы. Философия педагогикаға қатысты әдіснамалық функция атқарады. Педагогиканы зерттеушілердің ізденіс бағыттары олардың қандай философиялық көзқарастар жүйесін ұстануынан тәуелді (мысалы, материалистік, экзистенциалистік, неопозитивистік, прагматикалық және т.б.). Сонымен қатар философияның әдіснамалық функциясы оны ғылыми танудың жалпы принциптері мен әдістерін жасауынан да байқалады.

Педагогиканың басқа ғылымдармен *байланысының екінші деңгейі* - оның басқа ғылымдардың зерттеу нәтижелерін пайдалануы. Оған педагогиканың психологиямен, әлеуметтанумен, биологиямен, физиологиямен және тағы да басқа ғылымдармен байланысы жатады

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысының *үшінші деңгейі* – педагогика басқа ғылымдардың зерттеу әдістерін пайдаланады (әлеуметтану, математикалық-статистикалық әдістер).

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысының *төртінші деңгейі* – педагогика басқа ғылымдармен бірге адамды кешенді зерттеуге қатысады.

Оқудың теориялық-әдіснамалық негізі – материалистік *таным теориясы* (гносеология).

Таным – бұл қоршаған болмыстың, оның элементтерінің белсенді ақыл-ой және көңіл-күй іс-әрекеттері мен олардың нәтижесі, яғни

Таным теориясы оқу танымына тікелей қатысты. Білім игеру әрқашан таныммен байланысты келеді. Оқудың міндеті – табиғат, қоғам және адамның психикалық процестерінің даму заңдылықтарын оқушы санасына өткізу

Педагогиканың зерттейтін негізгі проблемасы

Педагогика тәрбие теориясы мен әдістемесіннақтылай отырып, жеке адам дамуының астарлы, тереңде жатқан тетіктерін және оның дайындығына қоғам тарапынынан қойылған талаптар мен әлеуметтік сапаларға орай арнайы ұйымдастырылған қалыптасу процесін зерттейді. Бұл педагогика зерттейтін негізгі теориялық проблемаларды бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Ондай проблемалардың қатарына кіретіндер:

жеке адамның арнайы ұйымдастырылған тәрбие жағдайында дамуы және қалыптасуының мән – мағынасы мен заңдылықтарын зерттеу

тәрбиенің мақсатын
анықтау

тәрбиенің мазмұнын
белгілеу

тәрбие тәсілдерін зертеу

Ғылымның даму жетістігі оның **әдіснамасы** мен **теориясының** деңгейімен анықталады. Ғылыми-зерттеу жұмысында әдіснама, әдіс пен теория әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты.

Әдіснама «грек тілінен аударғанда «әдіс туралы ғылым» деген мағынаны береді.

Әдіснама - зерттеу үдерісі туралы ілім.

Теория - педагогикалық құбылыстардың, кез-келген әдіснаманың негізі болады, әдіснаманың көмегімен табылған фактілер негізінде кеңейеді.

Теория - таным үдерісінің нәтижесі, ал әдіснама болса осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады.

Таным теориясы тұтас танымдық іс- әрекет үдерісін және онын мазмұндық негізін зерттейді.

Әдіснама шынайы және практикалық түрде тиімді білімге жетудің әдістері мен жолдарына көп көңіл бөледі, осы білімді дамытудың тәсілдерін іздестіреді.

М.А. Данилов: «Педагогиканың әдіснамасы педагогикалық шынайы болмысты бейнелейтін педагогикалық теорияның құрылымы мен негіздері, білімдер жасауға қажет тұғырлар мен тәсілдердің қағидалары туралы білімдер жүйесі болып табылады».

В.В. Краевский: Педагогиканың әдіснамасы педагогикалық шынайы болмысты бейнелейтін педагогикалық теорияның құрылымы мен негіздері, білімдер жасауға қажет тұғырлар мен тәсілдердің қағидалары туралы білімдер жүйесі, сондай-ақ, арнайы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бағдарламаларын, логикасын және әдістерін, сапасын бағалау туралы білімдерді алу бағытындағы әрекет жүйесі деп тұжырымдайды

В.И. Загвязинский: «Педагогиканың әдіснамасы - бұл педагогикалық білім туралы, оны меңгеру үдерісі, түсіндіру әдістері және оқыту мен тәрбиелеу жүйесін түрлендіру қемесе жетілдіру үшін практикалық қолдану шарттары туралы білім».

Педагогика әдіснамасы - педагогтардың ғылыми-танымның тиімділігі мен нәтижелігіне жетуді қамтамасыз етудегі әрекетінің құрылымы, логикалық ұйымдастыруы, әдістері мен тәсілдері, олардың мақсаттары мен қызметтері турапы ілім.

Педагогика әдіснамасы кең мағынада теория, оның пәні зерттеудің жалпы ғылымилық, арнайы әдістерін біріктіретін және тар мағынада - жаңа ғылыми-педагогикалық ақпарат алу, оны талдау мен түсіндірудің әдістері туралы білімдер жүйесі.

Педагогика әдіснамасының деңгейлері. Ғылыми танымда әдіснамалық талдаудың әр түрлі деңгейлері көрсетіледі. Әдебиеттерде әдіснамалық талдау үдерісі **төрт** деңгейлік иерархия түрінде беріледі:

- 1) **философиялық әдіснама**, яғни, таным мен жалпы ғылымның категориялық құрылымы негізінде педагогикалық зерттеу мәнін, оның әдіснамалық іргетасын білдіретін және белгілі бір әлем сипаты тұрғысынан педагогикалық зерттеу нәтижелерінің танымал түсіндірмесіне қатысты жалпы қағидалар жатады;
- 2) **Жалпы ғылымилық әдіснама**, жалпы ғылымилық қағидалар мен зерттеу формаларын қамтиды (жүйелілік, кибернетикалық, кешенді, бағдарламалы-мақсаттық секілді жалпы ғылымилық әдістер, идеалдау, модельдеу секілді жалпы ғылыми рәсімдер мен тәсілдер және т.б қатысады).

Жалпы ғылымилық әдіснама ұстанымдық-бағыттаушы қызметті атқарады. Себебі, дәл осы кезеңде зерттеудің ұстанымдық бағыты анықталады, оның стратегиясы, нысаны мен пәнін анықтаудың әдістері қарастырылады.

3) **НАҚТЫ ҒЫЛЫМИЛЫҚ ӘДІСНАМА** педагогика ғылымының зерттеу әдістері, зерттеу қағидасы мен рәсімдерінің жиынтығынан тұрады. Ол реттеуші қызметті атқара отырып, бір бірімен нақты зерттеулердің ерекшеліктерімен сәйкес байланысатын педагогика әдістері мен аралас ғылымдарға қажетгі жиынтықты құруға мүмкіндік бере отырып, сонымен қатар, педагогикалық зерттеу барысында бір мәнді түсінуге қажетті психология, әлеуметтану және т.б ғылымдардың және педагогиканың ұғымдық-түсініктік аппараттының бірегейлігін қамтамасыз етеді;

4) **зерттеудің әдістемесі және техникасы** (технология), яғни, бір сипатты және шынайы эмпирикалық материал жинап, оны алғашқы талдау үшін қажетті болатын рәсімдері жиынтығы. Оның басты қызметі - құралдық немесе құралдық-технологиялық.

Теорияның маңызды қызметі - болжамдау, түсіндіру үлгісі: жалпы тұжырымдаудан кейін феноменді болжайды.

Болжамдау болашаққа бағдарланған. Педагогикада болжамдау маңызды роль атқарады. Білім беру қызметін ұйымдастыру оқушылардың, мұғалімдердің, басқарушылардың іс-әрекетін болжамдаусыз мүмкін емес.

Теория көбінесе жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту мен қалыптастырудың жинақталған тәжірибесін шығармашылықпен қайта құрумен байланысты.

Осылайша, ол педагогикалық тәжірибені қорытындылап, жеке тұлғаның болашақта қалыптасуы мен дамуының жоспарын анықтайды.

Ғылыми білімнің басты құрамдас бөлігі - **теория**.

Ғылыми білім - шынайы болмысты тәжірибелік танудың мәліметтері, зерттеу барысында алынған фактілер, анықталған эмпирикалық заңдылықтар.

Ғылыми теория зерделенетін шынайы болмысқа тән заңдылықтар мен мәнді байланыстар туралы түсінік беретін білім болып табылады.

Теория білімдерді жүйелеу, зерделенетін нысанның болашағын болжау үшін де қажет.

Демек, нысанның даму болашағын болжамдау үшін де керек. Теориясыз түсіну жоқ, сондықтан да түсіну - теорияның стратегиялық миссиясы.

Назарларыңызға рахмет!!!